**Жаңа ауылдық округ құру және оның Түркістан қаласына әкімшілік бағыныстылығы туралы**

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 19 шілдедегі N 34/388-III шешімі және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімиятының 2007 жылғы 23 шілдедегі N 223 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 27 шілдеде N 1960 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты мен әкімдігінің ұсыныстары негізінде Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Сауран ауылдық округінен бөліну жолымен Сауран, Ескі Сауран елді-мекендері шекараларында жаңадан ауылдык округ құрылсын.

2. Жаңадан құрылған ауылдық округке Жібек Жолы деген атау берілсін.

3. Құрамынан Сауран, Ескі Сауран елді мекендері шығарыла отырып, Сауран ауылдық округінің шекарасы өзгертілсін.

4. Жаңадан құрылған Жібек Жолы ауылдық округінің Түркістан қаласына бағыныстылығы белгіленсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК